



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Таза Қазақстан



Тазалық өзіңнен басталады

Жалағашқа келген қонақтар туған жеріміздің тазалығына, жасыл-желекті көшелеріне тамсанып жатады. Әрине, бұл игіліктер өздігінен келмейтіні рас. Экологиялық акциялардың, тазалық жұмыстарының үздіксіз жүргізілуі, яғни қыруар еңбектің арқарсы. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталғалы ауданды көркейтіп-көгалдандыру бойынша бірқатар тынымды тірлік атқарылуда. Көктем келісімен жалағаштықтар сенбілікке шығып, көше, аула тазалығына белсене араласты. Аптап ыстықта да бұл жұмыстар тоқтаған емес. Міне, сол бірлікпен келген тірліктің нәтижесі көз алдымызда.

2,4 млн астам ағаш отырғызылған

Жалпы елде «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде 2024 жылы және 2025 жылдың алғашқы алты айында 874 экологиялық іс-шара өткен. Олардың қатарында «Таза кәсіп – таза аймақ», «Киелі мекен», «Таза өлке», «Мөлдір бұлақ» сынды республикалық және халықаралық акциялар бар. Осы іс-шаралар барысында 1,4 млн тонна қалдық жиналып, елді мекендерде 2,4 млн-ден астам ағаш отырғызылған.

Жастар да жазда бос отырмайды

Бұл акцияға ел жастары да белсене қатысуда. Мәселен, 236 мектептен 12 мыңнан астам оқушы 36 мың тұқым отырғызған. Сондай-ақ акцияға «Жасыл ел» жасағы да елеулі үлес қосуда. Бұл жобаға биыл 100-ден аса жалағаштық жас жұмысқа тартылмақ. Жастар аталған жобаның аясын кеңейтіп, оны әртүрлі әлеуметтік мәртебедегі азаматтарға қолжетімді және қызықты етуде. Тіпті экочелленджке айналды. Мәселен, аудан жастары кенттегі саябақтарды қоқыс-қалдықтан тазалап, демалыс орындарының көркін келтіріп қойды. Мұнан бөлек еңбек жасақтарының жауынгерлері жастар арасында экологиялық мәдениетті көтеру мақсатында экологиялық квесттер мен ойындар, экополинг өткізеді екен. Нәтижесі де жоқ емес, ауданның көркеюіне үлес қосқысы келетін жастардың қатары едәуір арқан.



Егінжай – 2025

Аяқсу мәселесі басты назарда



Бәрекелді!

Мерейлі отбасы – ұлт байлығы

2013 жылдан бері қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні болып белгіленіп, 2014 жылдан бері «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Ынтымағы ырыспен қуатталып, еңбегі елдің игілігіне жұмсалып жатқан өнегелі отбасыларды кеңінен насихаттайтын «Мерейлі отбасы» байқауының қашанда орны бөлек. Өткен жұмада аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов «Мерейлі отбасы – 2025» байқауының аудандық кезеңінде жеңіске жеткен отбасыларды марапаттады.



Аудан әкімінің орынбасары Фани Кенжеғараұлы ұлттық құндылықтарды дәріптеген байқауға белсене қатысқан барлық отбасына шынайы алғысын білдіріп, байқау жеңімпаздарын құттықтады.

Біз – отбасын мемлекеттің тірегі деп білетін халықпыз. Отбасы – адам баласының тәлім-тәрбие алатын алтын бесігі. Болашаққа қанат қағатын ыстық ұясы ғана емес, отбасы – шағын мемлекет. Шаңырақ шаттығы мен ұлттық тәрбиені ұлықтайтын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының орны бөлек. Себебі бұл байқау – ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды дәріптейтін маңызды шара. Қатысушыларға алғысымды білдіре отырып, әр шаңыраққа амандық, береке тілеймін – деді ол.

Осы уақытқа дейін аудан бойынша байқауға қатысуға 130-ға жуық отбасы өтінім білдіріп, облыстық кезеңге 31 отбасы жолдама алған. Биыл ауданда он бірінші рет өткізіліп жатқан мерейлі шараға 31 отбасы қатысуға ниет білдірген. Конкурс ережесінің талаптарына сәйкес 8 отбасының құжаттары қабылданған.

Бытыр комиссия құрамының шешімімен үздік деп танылған 2 отбасының құжаттары «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық кезеңіне ұсынылды. Облыстық конкурстың қорытындысы бойынша Мақпалкөл ауылдық округінен «Бектаев-

тар отбасы бас жұлде иеленіп, байқаудың республикалық кезеңінен де үздік деп танылып, лауреат атанған болатын. Бектаевтар әулеті – 11 баладан 43 нөміре, 66 шөбере және екі шөпшек өрбіткен өнегелі отбасы. Бүгінде Бектаевтар отбасы Сыр өңірінің экономикалық әлеуетін арттыруға, ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлес қосып қана қоймай, өңірдегі маңызды іс-шаралар мен қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып келеді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласының дамуында өзіндік қолтаңбасы бар, шаруаға ширақ шаңырақ.

Айта кетейік, отбасылар арнайы номинациялармен марапатталды. Байқау қорытындысы бойынша «Парасатты отбасы» номинациясын Бұқарбай батыр ауылынан Кеңесбаевтар отбасы иеленді. Отбасының отағасы Смайлов Кеңесбай ағамыз еңбек жолын механизатор болып бастап, үздік комбайнер, өндіріс бригадирі болып еңбек етіп, 1972 жылы дүниеден өткен. Жолдасы Смайлова Қуанышқұл апамыз ауыл шаруашылығы саласында сауыншы, күрішші болып зейнет жасына дейін үздіксіз еңбек етіп, 6 баладан 15 нөміре, 26 шөбере сүйіп отыр. Балалары да әке мен ана жолын үлгі тұтып, түрлі салада абыройлы қызмет етеді.

Жалағашы 2-бетте

2 ҚОҒАМ

Мерейлі отбасы – ұлт байлығы

Ал «Ұлағатты отбасы» номинациясымен Аламесек ауылынан келген Оспановтар отбасы марапатталды. «Ұлағатты отбасы – ұлт құндылығы» деген ұстанымды берік ұстанып келе жатқан Жалағаш ауданының құрметті ардагері Байболат Оспанов ағамыз тынымсыз еңбегімен халық алғысына бөленген. Жолдасы Алтынқұл Өрікбаева апамыз – «Күміс алқа» иегері. Бүгінгі таңда 6 бала тәрбиелеп, 16 немере, 2 шөбере сүйіп отыр. Балалары да әр салада қызмет жасайды.

«Өнегелі отбасы» номинациясына Мәдениет ауылынан Дәулетбаевтар отбасы лайық деп танылды. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын адамгершілік, еңбекқорлық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді ізгі қасиеттердің барлығы қалыптасқан Дәулетбаевтар отбасының отағасы Телжан Дәулетбайұлы ауыл шаруашылығы саласында мал тұқымын асылдандырып, мал басын арттыру үшін аянбай еңбек еткен. Жолдасы Тұрсынқұл Байымбетовамен бірге 4 бала, 16 немере, 8 шөбере тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Бұл күнде Дәулетбаевтар отбасының балалары жоғары білімді, түрлі салада елге еңбек етуде.

Байқаудың «Үлгілі жас отбасы» номинациясымен Мырзабай ахун ауылындағы Баймахановтар отбасы марапатталды. Шаңырақ шаттығын ойлап, балаларының бойында Отанға, қоғамға, отбасына деген елжандылық сезімдерін оята білген үлгілі жас отбасының отағасы Жасұлан Баймаханов «Керейт» шаруа қожалығында механизатор болып жұмыс атқарады. Жолдасы Айгерім Асанова – балабақша тәрбиешісі. Қазіргі таңда Баймахановтар отбасы 6 бала тәрбиелеп отыр. Олар бала тәрбиесінде үздік үлгісімен танылған.

Ал енді үздік үштікті тарқатайық. Комиссия құрамының шешімімен жүлделі ІІІ орынға Ақсу ауылынан қатысқан Барпаяқовтар отбасы тұрақтады. Сәні мен салтанаты жарасқан, өнегелі отбасының берік қазығы Келбай Барпаяқов ағамыз ауыл шаруашылығында жемісті еңбек етіп, «Құрмет» грамоталарымен, ІІІ-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. Жолдасы Гүлайым



Барпаяқовамен бірге 6 бала, 14 немере, 9 шөбере тәрбиелеп өсіріп, ауыл шаруашылығы саласының дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған. Бұл үлгілі отбасынан өрбіген ұл-қыздары – бүгінде әр шаңырақтың туын ұстаған жоғары білімді, сан-салалы мамандық иегерлері.

Екінші орын Таң ауылынан келген Жәнібековтер отбасына бұйырды. Бірлігі мен татулығы арқылы өркен жайған Жәнібековтер отбасы – ауданымыздағы үлгілі жанұялардың бірі. Құрылыс саласының майталманы Болат ағамыз бен Бақыт анамыз қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан. Олар бүгінде 6 баладан 19 немере, 33 шөбере сүйіп отыр.

І орынмен Жаңадариялық Еркінбаевтар отбасы марапатталды. Мерейлі отбасының отағасы Наржігіт Еркінбаев – тыл ардагері, ауыл шаруашылығы саласының үздігі. Жолдасы Зейнегүл Еркінбаева апаймен

отау құрып, 9 бала, 38 немере, 34 шөбере тәрбиелеп өсірген мәуелі бәйтерек. Балаларының әрқайсысы өз мамандықтарымен еңбек етуде.

Аққұм ауылынан келген Көшекбаевтар отбасын комиссия құрамы бас жүлдеге лайық деп таныды. Отбасының отағасы Айтжан Көшекбаев ағамыз ауыл шаруашылығы саласында дүниеден өткен. Жолдасы Аманкүл Мирманова – еңбек ардагері, 10 бала тәрбиелеп өсірген батыр ана. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қағидаларын ұстана отырып, өнегелі құндылықтарды, елжандылық қасиеттерді балаларының бойына дарытып келе жатқан бұл мерейлі отбасы – 36 немере, 27 шөбере өрбіткен өнегелі әулет.

Айта кетейік, бас жүлдені иеленген Көшекбаевтар отбасы мен І орын иегері Еркінбаевтар отбасы облыстық кезеңге жолдама алып, аудан атынан

қатысатын болады.

Сондай-ақ «Парасатты отбасы» номинациясымен марапатталған Кеңесбаевтар отбасының отанасы Қуанышқұл Нұрмағанбетқызы анамыздың өнегелі өмірі «Қазақстанның Алтын кітабы» энциклопедиясына енді. Ол – бақытты, өнегелі, тағылым мен салауатты өмірді адал еңбектен тауып, ауыл шаруашылығы саласында елеулі еңбек еткен жан. Жастайынан жолдасынан ерте айрылса да 6 перзентінің өмірден өз орнын табуына ерік-жігерін арнаған еңбек ардагері.

Шаңырақтың шаттығын келтіріп, отбасылық құндылықтарды дәріптеп жүрген өнегелі жанұяларға арналған шара соңы аудан өнерпаздарының мерекелік ән шашуымен аяқталды.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Басы 1-бетте



Аяқсу мәселесі басты назарда

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов ауылдық елді мекендердегі егіс алқаптарын аралап, егінді сумен қамтамасыз ету жұмыстарымен танысты. Жауапты сала жетекшілерімен бірге диқан қауыммен кездескен Ардақ Әбдіғалпарұлы өңірдегі су тапшылығының алдын алу мәселесін жан-жақты талқылады.

Кездесуде сала басшылары су тапшылығын болдырмау мақсатында атқарылған жұмыстарды баяндап, алдағы міндеттерді атап өтті. Егіннің жай-күйін бақылаған аудан әкімі суды тиімді пайдалану бағытында нақты тапсырмадар берді.

Айта кетейік, су тапшылығына байланысты аудан әкімінің өкімімен арнайы штаб құрылған болатын. Қазіргі таңда сумен қамтамасыз ету мәселесі қатан бақылауға алынып, егінге қажетті су көлемі кезек тәртібімен беріледі.

Аудан бойынша биыл 37 149 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде негізгі дақыл күріштің көлемі 19764 гектарды құрайды. Шаруашылықтар тарапынан егінді күтіп-баптауға қажетті 10 400 тонна минералдық тыңайтқыш пен 22 300 литр гербицид алынып, егінге уақытылы беріледі. Егілген күріш дақылдың 19 126 гектары «Жалағашсушар» өндірістік учаскесімен су жеткізіп беру қызметіне келісім-шартқа отырған. Ал 461 гектар күріш дақыл қашыртқы суды қайта пайдалану арқылы насос қондырғыларымен суландырылуда. Бүгінде аудандағы шаруашылық құрылымдары 29 насос қондырғысын қосып, егінді сумен қамтамасыз етуде.

Биыл ауданда 1 115 гектар көкөніс егілді. Сондай-ақ 1 300 гектарға басқа да бақша дақылдары орналастырылды. Аудан бойынша жоспарланған 4850 гектар жаңа жоңышқа, 800 гектар бидай, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 50 гектар арпа, 5 гектар сұлы толық егіліп, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Сонымен қатар ауданда тұрғындар тарапынан картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастыруға 500 гектар жаңадан жер дайындалды.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Басы 1-бетте

Брифинг

Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы 6 айда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласын бақылау бойынша сатып алуды жүзеге асыру мақсатында санитарлық-гигиеналық зертханаға 84, бактериологиялық зертханаға 69 тағам, ауыс су сынамасына санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізген. Оның 4-еуінен сәйкес келмейтін өнім анықталып, дер кезінде кәсіпкерлерге тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану қамтамасыз етілген. Бұл туралы БАҚ өкілдерімен өткен брифингте басқарма басшысы Гүлзираш Айымбетова мәлімдеді.

Ауданның бас санитары санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу тәртібі ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-193/2020 бұйрығымен және Кодекстің 45, 113, 144-баптарымен жүзеге асатынын айтады. Мақсат – адам денсаулығына тіршілік ету ортасы факторларының әсер етуі туралы дәйекті ақпарат алу, уланулардың пайда болуының және инфекциялық аурулардың, кәсіптік аурулардың өршуінің алдын алу бойынша орындатын іс-шаралардың тиімділігін бағалау, олардың пайда болуын болжау.

– СЗМ шеңберінде қоршаған орта объектілерінен сынамалар алу, физикалық факторлар мен иондаушы сәулелерді өлшеу тоқсан сайын жүргізіледі. ҚР ДСМ СЗБК«ҰСО» ШЖҚ РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының Жалағаш аудандық бөлімшесімен микробиологиялық зерттеуге 78/5 су сынамасы, санитарлық-химиялық құрамын зерттеуге алынған 47 сынаманың 4-еуі, яғни 8,5 пайызы құрғақ қалдық пен хлоридтер санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес емес. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» бұйрығының 1-қосымшасы 1-кестесіне сәйкес, судың құрғақ қалдығының мөлшері 1000 мг/дм3-ден, хлоридтер 350 мг/л-дан аспау қажеттігі көрсетілген. Алайда судың химиялық құрамын зерттеуге алынған судан елді мекендерден тұрақты түрде гигиеналық талаптарға сәйкес көлмешілік жағдайы орын алуда. Санитариялық-гигиеналық талаптарға микробиологиялық көрсеткіш бойынша сәйкес көлмешілік анықталған елді мекенде кестеден тыс залалсыздандыру, жуу-шаю жұмыстарын жүргізу туралы Жалағаш аудандық оқшау сумен жабдықтау бөлімшесіне хат жолданды. ҚР ДСМ СЗБК «ҰСО» ШЖҚ



Фото: ашық дереккөз

6 айда 2728 ЖРВИ тіркелген

РМҚ облыс бойынша филиалының Жалағаш аудандық бөлімшесімен кент орталығындағы автотранспорт көп шоғырланатын орындардың ауасына мониторинг жүргізілді. Газоанализатор универсалның «ГАНК-4» құрылғысымен атмосфералық ауадан 12 ингрдиентке зерттеуге 5 нүктеден 20 сынама алынды. Қорытындысында нормативке сәйкессіздік анықталған жоқ. І жартыжылдықта радиологиялық зертхана бойынша ауданда 3600 сынама жасалды, – деді Гүлзираш Айымбетова.

Жедел респираторлы вирустық инфекциясы – елімізде балалар мен ересектердің жұқпалы ауруларының ең көп таралған тобы. Аурудың көзі тұмаумен ауыратын науқас болып табылады. Ауданда 6 айда 2728 ЖРВИ тіркелген. Сырқаттанушылықты аудандағы 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіші 7580,09-ды құрады. Бұл сырқат өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 12,74 пайызға азайған. Биыл ауырғандардың 71,1 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар үлесінде.

Спикер 6 айда 16 дерматофития, 10 туберкулез, 4-энтеробиоз, 3 нақтыланған жіті ішек инфекциясы, қышыма, 2 аскаридоз, тұмау, педикулез, 1 жағдайдан вирусты «А» гепатит, қызылша, скарлатина, эхинококкоз жағдайлары тіркеліп, есепке алынғанын жасырмады. Осы аралықта жұқпалы, аса қауіпті жұқпалы және паразиттік аурулардан туындаған асқынулар немесе өлім-жітім жағдайлары болмаған. Сонымен қатар аудан тұрғындары арасында жаппай тағамнан улану, сальмонеллез, тырысқақ, сібір жарасы және сарыппен тіркелу жағдайлары да тіркелмеген.

– Жұқпалы және паразиттік аурулардың эпидемиологиялық жағдайы қанағаттанарлық, бірақ кейбір жұқпалы аурулардың өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда есу төмендеуі байқалды. Ауданда қышымамен 10 жыл көлемінде бірде-бір науқас тіркелмеген, биыл Аққұм және Аққыр ауылдарынан тіркеліп отыр. Есесіне қызылша 21, вирусты «А» гепатит 2, коронавирустық инфекциясы 4 жағдайға азайған. Эхинококкоз, дерматомиоз, туберкулез аурулары бір деңгейде сақталып отыр. Туберкулез ауруы соңғы 10 жылда 2,3 есеге азайған, – дейді ауданның бас санитары.

Ауданда І жартыжылдықта хайуанаттан жарақат алған 54, кененің адамдарға шабуылдауынан 68 адам демдианалық көмекке жүгінген. Хайуанаттардан жарақат алушылар саны 1,8 есеге көбейіп отыр. Құтырма ауруының алдын алу мақсатында медициналық көмекке жүгінушілерге құтырмаға қарсы егу жұмыстарының толық жүргізілуі басқарманың қатан бақылауында. Сонымен қатар ит егелері белгілі тұлғаларға итті күтіп ұстау ережесін сақтамағаны үшін шара қолдануға жергілікті полиция бөліміне хабарлама жасалған. Нәтижесінде 6 өкімшілік хаттама толтырылған.

Гүлзираш Айымбетова алты айда тіркелген жұқпалы, паразиттік аурулар арасында ошақтық жағдайлар орын алмағанын айтады. Ауру ошақтарына эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіліп, қарым-қатынаста болғандар анықталып, барлығы медициналық бақылауға алынып, зерттеулермен қамтылған. Ошақтарда қорытынды залалсыздандыру жұмыстарымен қоршаған орта сынамалар зертханалық тексеруге

алынды. Сонымен қатар вакцинамен басқарылатын инфекциялық аурулар туындаған жағдайда профилактикалық екпе жұмыстары жүргізілген. Дер кезінде ведомстваралық іс-шаралар қолға алынып, өрбір инфекциялық ауруларды бақылауға алуға бағытталған шаралар қабылданып отыр. Ошақтарға 29 тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп, жауапты тұлғаларға өкімшілік құқық бұзушылық бойынша хаттамалар толтырылып, айыппұл салынған.

– Балалар мен жасөспірімдер арасында жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық екпе жұмыстары ҚР Үкіметінің қаулысына сай оңтайлы деңгейде қалыптасқан. Бірақ полиомиял ител ауруына қарсы баланың 1 жасындағы екпе облыс бойынша вакцина тапшылығының салдарынан бар болғаны 2,6 пайызда қамтылып, Жалағаш ауданында бірде-бір екпе жасалмаған. Маусым айында облыста полиомиялит ауруына қарсы вакцинаның 11 мың дозасы келіп, полиомиялитке қарсы екпе шаралары қайта қолға алынбақ. Былтыр қазан айынан бастап облыс төңрегінде 11 жастан бастап 11 жас 11 ай 29 күнді қоса алғанда дейінгі қыздарға адам полиоми вирусына қарсы толықтырған вакцинациялау жүргізілуде. Ауданда 6 ай қорытындысымен АПВ-ға қарсы 286 қыз бала егуден қамтылған, оның 44,4 пайызы немесе 127-сі 11 жастағы қыздардың үлесінде, 55,6 пайызы ілеспе екпемен қамтылған 12-13 жас аралығындағы қыздар, – дейді спикер.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сақтансаң, сақтайды

Дала өртінің алдын алайық

Жаз мезгілінде ауа температурасының жоғарылауы мен жауын-шашынның азаюы салдарынан еліміздің көптеген аймағында дала өрті туындау қаупі артады. Мұндай өрт табиғи экожүйеге, ауыл шаруашылығы нысандарына, тұрғын үйлер мен адам өміріне айтарлықтай қауіп төндіреді.

Дала өртінің негізгі себептері – ашық алаңдарда от жаққан кезде қауіпсіздік шараларын сақтамау, қоқысты өртеу, шылым қалдықтарын бейберекет тастау, сондай-ақ найзағайдың салдарынан болатын табиғи тұтанулар. Өрттің алдын алу мақсатында бірқатар ережені сақтау маңызды.

Мәселен, құрғақ шөпке, орман алқаптарына немесе егістік маңына от жағуға болмайды. Демалыс орындарында от жаққанда арнайы шұңқыр қазып, толық сөндірілгеніне көз жеткізу қажет. Шылым қалдықтарын, жанғыш заттарды далаға тастамаған дұрыс.

Балаларға отпен ойнауға тыйым салу керек. Тракторлар мен басқа да ауыл шаруашылығы техникаларының ұшқын сөндіргіштерінің дұрыстығын тексеру бөрінен маңызды.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Түзету енгізілсін

Жоба құны 375,2 млн теңгеге құрайтын Жаңадария ауылындағы Қ.Сәтпаев, Жаңадария, Достық, Мектеп көшелерін күрделі жөндеу жұмыстарын бастау үшін облыстық бюджеттен 175,2 млн теңге бөлінген болатын. Алайда облыс әкімдігінің 23.05.2025 жылғы №113 қаулысына сәйкес 69,8 млн теңге облыстық бюджетке қайтарылуда. Бүгінгі күні бөлінген қаржы ішінде Достық, Мектеп көшелеріне асфальт төселіп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жобаны толық аяқтауға жетіспейтін қаржы бөлінгеннен кейін Қ.Сәтпаев, Жаңадария көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Жоба 2026 жылға өтпелі. Мердігер мекеме «Жаңақорған Жібек жолы» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «Строительный контроль» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «Ремпроект» ЖШС.

«Жалағаш жарысы» газетінің 09.07.2025 жылғы №50 (10143) санындағы «Биыл 38 көше жөндеуден өтеді» тақырыбындағы сұхбатқа Жаңадариядағы жол құрылысына қатысты жоғарыдағыдай түзету енгізілсін.

Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары бөлімі

Еңбек адамы

Ізгілікпен өрілген өмір

Алты қанат киіз үйдің төрінде жан-жағына байыппен бағдарлай қарап, ой үстінде отырған кісінің парасат пайымын анық аңғарсаңыз. Не ойлап отыр екен?. Жақында жұбайы Бақыт апа жүрегіне ота жасатып, ауруханадан шығып келген бойы. Әлде өмірлік жан серігінің денсаулығына алаңдап, мазасызданып отыр ма екен?! Жақсы сөз – жарым ырыс. «Апай әлі жас қой, тез сауығып кетеді» деп сәлемдесіп, жылы сөз, тілегімізді айтып жатырмыз. Кезінде нар тұлғалы, палуан денелі қайратты жігіт болғаны тұрпатынан көрініп-ақ тұр. Үлкендерге тән байсалдылықпен сөйлер сөзін бабына келтіріп, мақалдап өзіндік мақаммен бастауы еріксіз баурап әкетті.



– Мына киіз үй – ата-анамнан қалған аманат. Әке-шешемнің қамқорлығымен осы шаңырақ астында жастық шағым өтті. Қасиетті шаңырақта төрт көзіміз түгел отырып, дастарханнан дәм татып, анамның шайын ішетінбіз. Жылда көктемде осы үйдің шаңырағын көтеріп тіккенде отбасымның бала-шағаларымның түгел жиналып бас қосқанын қалаймын. Бір атадан тараған ұрпақтар осы шаңырақ астында бірлікпен тірлік етсе екен деп тілеймін. Жылда көктемде киіз үйдің шаңырағын көтеретін күнді сағынып күтемін. Шүкір, биыл да қарашаңырақта құрбан шалып, айттық тараттық, – деді ол назарын бізге бұрып.

Басында тақия, аяқта мәсі, үстінде қазақы шапан. Ұлттық нақыштағы қазақы киім бойына жарасып-ақ тұр. Ислам ділін құрметтеп, аузында-Алласы, қолында тәспісі, үнемі дәрет алып, бес уақыт намазын қаза қылмайтын тақуа, көркеміннәзді, кемел адам. Қазақы болмыс, қадыр қасиетін танытып тұрған қарияның келісті келбетін көріп сүйсіндік.

Керегенің басындағы басқұр мен бау шулар, өрнектелген тұс киіз көңілімізді аударды. Қасиетті домбыра мен қамшы, тәспі, желпілуш, қолдан жасалған пышақ пен мылтық төрде ілулі тұр. Бір бұрышта сандықта жиналған тесекорың, жайнамаз, енді бір шетте бесік, ертоқымды көзіміз шалды. Атадан балаға мирас болып қалған тұрмыстарды көруімдар мен құнды дүниелерді көйп қуанып қалдық.

Қазақта «қарты бар елдің қазынасы бар» деген даналық сөз бар. Өмірін еңбекпен өрген ел алдында бөделі биік, мерейі үстем ардақ тұтар ардагерлеріміз аз емес. Олардың өмірімен танысып, гирбат алудың өзі бір ғанибет. Бұқарбай батыр ауылының халқы Қабыланбек Нұрмағанбетовты көш бастаушымыз, көкірегі шежіреге толы қазыналы қариямыз деп құрмет тұтады. Өйткені ол кісінің ізгілікпен өрілген өмір жолы – өскелең құрпаққа үлгі.

1947 жылы 22 наурызда Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген ол №33 «Красный Октябрь» орта мектебінде оқи жүріп, оқышылардың ендірістік бригадасында еңбек етіп, жоғары көрсеткіші үшін Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, оның қола медалімен, Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында өткен оқушылардың слетіне қатысып, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитеті мен өлкелік, облыстық комсомол комитеттерінің «Құрмет» грамоталарымен марапатталған. Алматыдағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітірген. Институт қабырғасында спорттың самбо түрімен құрама командада болып, 1 санаттағы спортшы дәрежесін алған.

Ол алғаш еңбек жолын туған ауылында мал дәрігері болып бастады. Таң, Бұқарбай батыр ауылдарында бас мал дәрігері, шаруашылық директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Өзінің білімін, іс тәжірибесін кеңінен пайдаланып, ауданның егін және мал шаруашылығы мен эканомикасын дамытуға үлесін қосты.

Еліміз егемендік алған жылдары сол кездегі Ақсай, қазіргі Бұқарбай батыр ауылдық округінің алғашқы әкімі болып тағайындалып, осы қызметті төрт жыл атқарды. Бұл уақытта шаруашылық, мекеме және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, ауылдың әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытында қыруар жұмыс атқарылды. Бірқатар мәселе шешімін тауып, көркейт-кеғалдандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Заман талабың, нарық заңына бейімделген білікті маман 1998 жылы «Сәйгілік» шаруа қоғалығын құрып, егің көкөніс-бақша, төрт түлік мал балық өсірумен айналысты. 1999-2011 жылдары ауыл шаруашылығын ертарландыру номинациясы бойынша аудан жеңімпазы атанды.

Еңбек адамының елге жасаған еңбегі елеусіз қалған жоқ. Халық сенім артып, Таң ауылдық кеңесінің депутаты, екі рет Жалағаш аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі болып сайланды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі

үшін «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» атағы мен Қазақстан Республикалық ардагерлердің қоғамдық бірлестігінің «Құрмет белгісі» тес белгісімен марапатталды. Облыстық ардагерлер ұйымының пленум, аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшесі болды. Қызылорда облысының құрметті ардагері. Сондай ақ бірнеше рет әртүрлі деңгейдегі «Құрмет» грамоталарымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаттарымен марапатталған. 2005 жылдан бері Бұқарбай ауылдық ардагерлері ұйымының төрағасы.

Кезінде ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп, ауданның өсіп-өркендеуі мен қалыптасуына үлес қосқан өмірлік тәжірибесі мол төрағаның басты ұстанымы зейнеткерлердің қоғамдық белсенділігін зерттеп, тіксті құрылымдар мен кәсіпкерлер арқылы көмек беру, өмір жолдарын насихаттап, ауыл халқының бірлігін нығайтуға бағытталды. Сөйтіп уақыт талабына сай жаңа бағытпен жұмыс жүргізіп келеді.

Ардагерлер ұйымының есебінде 213 кісі есепте тұрады. 7 кісіден құрылған ардагерлер кеңесі жұмыс істейді. Әр жылдың басында жұмыс жоспары жасалып,жалпы жиналыс қаулысымен бекітіледі. Барлық ардагерге бекітілген үлгіде әлеуметтік карта тоқтырылған. Жыл сайын әлеуметтік картаға өзгеріс жасалып, қосымша тіркеліп отырады. Ардагерлер үйінде тарихи танымдық естелік, діни кітаптардың құры жинақталған. Сонымен қатар торлы түсті теледидар, отандық Отау-ТВ антенасымен жабдықталып көрсетіп тұр. Аудандық, облыстық, республикалық басылымдардың тігінділері де сақталған. Ардагерлер үйінде Сәрсенбі, Жұма күндері ардагерлер жиналып пікірлесіп, халықтың жағдайын талқылайды. Ауыл ардагерлері елге келген Сенат, Мәжіліс, облыстық, аудандық мәслихат депутаттарымен және облыс, аудан әкімдерімен кездесіп отырады. Оларға ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін жеткізеді.

Ауылда мәдениет үйі жанынан құрылған «Асыл қазына» «өжелер клубы өнер көрсетіп, жастарға салт-дәстүрді насихаттайды. 7-мамыр, 9-мамыр, 31-мамыр күндері елін қорғап, ұрыс даласында мерт болған боздақтар ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, құрбандарға құран бағышталады. Ардагерлер ауданда өтетін барлық мәдени-көпшілік шараларына ұлттық спорттық ойындарына белсене қатысады. Қарттар күнінде құрылымдар өз ардегерлеріне азық-түлік беріп, сый-сияпат жасайды, концерт ұйымдастырады. Жалғызбасты, тұрмыс төмен отбасыларға тегін шөп, отын, көмір беріледі. Сондай-ақ кезектілік бойынша демеушілер арқылы арнайы автобус шығарып, ардагерлерді тарихи орындар мен Астанаға саяхатқа сапарға шығару, шипажайларда демалдыру ұйымдастырылып келеді. Ауылдағы имандылық мекені Бұқарбай батыр атындағы мешітте астан айттылып, намаз оқылады. Дүние есігін ашқан сәбилерге ат қою, жас жұбайлардың некесін қию рәсімдері өткізіледі. Ерте көктемде диқан қауымға мол өнім, елге тыныштық, береке-бірлік тілеп, тасаттық берілсе, ауылдағы мұсылман дінін қабылдаған қайтыс болған өзге ұлт өкілдерін ақ жауып, арулап шариғат жолымен жерлеу дағдыға айналған.

Айта берсек, ардагерлер кеңесінің ауыл әкімі, шаруашылық басшылары, әйелдер кеңесімен бірлесіп атқарып жатқан жұмыстары одан әрі жалғасын табуда. Ең бастысы, ауыл ардагерлер ұйымы елді бірлікке бастап, салт-дәстүр, салауатты өмір салтын насихаттап келеді. Бастауыш ұйымының алқа мүшелері Ә.Нұрмағанбетов, Т.Сәменов, Е.Тоқмырзаев, Қ.Байтақатов, С.Карилов, Б.Кадреновтер аталған жұмыстар мен шараларға белсене қатысып, үлкен ұйымшылдық танытып жүр.

Халықтың қамын, елдің мүддесін ойлап, қоғамдық жұмыстардың басы-қасында жүрген Қабекең халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілегін түрлі деңгейдегі әкімдер мен депутаттарға жеткізіп, халық пен билік арасында алтын көпір болудан еш жалыққан емес. Шүкір, сол ізденісі мен еңбек-



гінің арқасында елдің көкейінде жүрген мәселелер оң шешімін тапты. Мәселен, ардагердің араласуымен республикалық маңызы бар Ф-33 «Қызылорда-Жалағаш» автомобиль жолының 80-шақырымындағы әбден ескіріп, құлап қалу алдында тұрған «Северная прокат» каналының үстінен өтетін көпір қайта салынса, Мырзабай ахун ауылындағы «Майжарма» каналының үш шақырым жерінен ауыл тұрғандарының үйлерін, мал қораларын жерасты ыза су басып қалу қаупін болдырмау мақсатында елді мекенге дренаж жүйесі кіргізіліп орнатылды. Сондай-ақ Бұқарбай батыр, Еңбек елді мекендерінде «Ақбулақ» бағдарламасы аясында аяқсу жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі таңда Бұқарбай батыр ауылының көшелеріне электр желісі тартылып, жарықтандырылды. Мектеп, мәдениет үйлері күрделі жөндеуден өтті. Ардагерлер мен тұрғындар «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, тал көшеттерін отырғызып, ауыл жасыл-желекке бөленіп келеді.

– Өзімді жолы болғыш бақытты адам санаймын. Қарапайым ауылда орта мектепті бітіріп, өмірден өз орнымды таптым. Өткенге де, өзіме де өкпем жоқ. Қоғамдық өмірде қызмет бабында өрен еңбегімен ер атанған ел ағалары Ұзақ Еспанов, Алдаберген Бисенов, Нәсіпбай Әпірөзов, Қазына Жүсіпова аудан, облыс басқарып, жауапты қызмет атқарған Сөйілбек Шаухаманов, Болатбек Қуандықов, Қырымбек Көшербаев, Қожахмет Баймаханов, Саммит Далдабаев, Әмірбек Шөменов, Серік Сермағамбетов, қазіргі аймақ басшысы Нұрлыбек Нөлібаев сынды азаматтармен сыйласып, дәм-тұздар болу менің маңдайыма жазылыпты. Осыны Алланың маған берген сыйы деп қабылдаймын. Ендігі тілегім – тәуелсіз еліміздің тыныштығы, халқымыздың амаңдығы, – дейді ардагер.

Иә, өткен күндердің өшпес ізі болады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп қазақта өжелден айтылып келе жатқан тәмсіл сөз бар. Осы бір қасиетті де қастерлі сөз бақытты еңбектен тапқан ардагер ағамызға арнап айтылғандай. Ол кісінің елге жасаған еңбегінің шегі жоқ өлшемін аудандық, облыстық, республикалық басылымдардан оқып танысуға болады. Сонымен қатар ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп өсірген ол өзгелерге өнеге көрсетіп, тағылымды тәрбие арқылы тарихи құндылықтарын насихаттап жүр. Осыдан бірер жыл бұрын Қызылорда қаласында өткен облыстық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысқан Нұрмағанбетовтер отбасы 3-орынды иеленіп, жеңімпаз болуы – соның айқын айғағы. Жұбайы Бақыт апай екеуінен тараған ұрпақтар тізбегі қолдағы он саусақтан асып жығылады. Ал енді немере-шеберелеріне келер болсақ, кереметтей сүйіспеншілікке бөленесің. Абыз ардагер, асыл әже атанған өрлізайыпты Нұрмағанбетовтер – жақсы өмір сүріп, өнеге жолдары өрге жүзген бақытты жандар.

Атөстейсің өнер де өкенің қанымен, ананың сүтімен дариды. Әке тәрбиесін алып өскен ол жас кезінен ат жаратып, бөйгеге шауып, ат спортын насихаттап келеді. «Ат шаппайды, бап шабады, бап шаппайды бақ шабады» дегендей, Қабекеңнің өз қолымен бастаған тұлпарлары талай додаларда топ жарып, бөйге алып жүр. Мәселен, Бұқарбай батыр Естекбайұлының 180 жылдығы, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 100 жылдығы, Түркістан қаласының 1500 жылдығы, Астана қаласының презентацияларында, облыстық «Алтын күз» мерекелерінде, Қарабура Әулие, Ораз ахун Бекетайұлын еске алып ұлықталған астарында аламан бөйге қосқан аты алдына жан салмай бірінші келді. 1998 жылы облыстық «Алтын күз» мерекесінде аламан бөйгеге ат қосып, «Келте тонды Кел-

менбет» атындағы бас жүлдені жеңіп алды. Жалпы 1989-2006 жылдары 106 рет бөйгеге ат қосып, 92 рет бас бөйгені жеңіп алған. Жиырма жылдан бері ауыл аудан, облыс атынан барлық деңгейдегі бөйгелерге ат жаратып қосқан ардагер атсейіс бұл күндері бас ұрпақты ұлттық ат спортына тәрбиелеп жүр. Бүгінде ол – облыстық ат спорты федерациясының мүшесі. Қазіргі кезде ат спортын балалары мен немерелері қолға алып, бөйгеге ат қосып, әке жолын жалғастырып келеді.

Ұлы Абай «Руш, намаз, зекет, хат толассыз іс, жақсы болсаң, жақсы тұт бөрін тегіс» деп мұсылман адам бес пәриызды орындау керектігін айттады. Қабекең Мекке-Мәдинаға екі рет қажылыққа барған және бес пәризын толығымен орындаған. Әңгілеміз аяқталмайжатып,ақжолтай хабар жетті. Облыстық ішкі істер департаментінің жедел қимыл арнайы жасағының инспекторы, полиция аға лейтенанты Қабыланбек Кемелбек Ұлықбекұлы Египет Араб республикасында қаратөден өткен әлем чемпионатында бірінші орынды иеленіп, елге жеңіспен оралыпты. Алматыдағы Спорт академиясының түлегі, зәңгер немересі Кемелбек Ұлықбекұлы спорттың қаратөден осымен екінші рет әлем чемпионы атанды.

«Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгереді» дейді данышпан халқымыз. Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер көбінесе көпті көрген ақсақалдар мен көменгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Көкірегі ояу, көзі ашық қазыналы қария атанған Қабыланбек Нұрмағанбетовтың бата беру өнерін де көпшілік жақсы біледі. Ел алдында аброй, атағы бар, дуалы ауызды ардагерді ауыл ауданда өткен түрлі шаралар мен жиындарға, ас-тойларға бата беру үшін арнайы алдырады. Көргені мен түйгені мол Қабекең бата беруден қашқан емес. Бір тойда екі жарлық жоқ. Жүректен шыққан бата-тілегін бір жерде екінші рет қайталамайды. Батаның түрі көп. Жас жұбайлар мен құдаларға, ас-тойларда, жолға шыққанда берілетін баталар бар. Ал енді көктемгі тұқым себу, күзгі алғашқы орақ, жаңадан салынған жолдар мен нысандардың, тұрғын үйлердің ашылу салтанатында, әкімдермен, депутаттармен, өнер адамдарымен, спортшылармен кездесу шараларында әрқайсысына арнап бата береді. Мәселен, алғашқы орақ салтанатында диқан қауымға жұмысына толағай табыс тілесе, өнер адамдарына шалқар шабыт, спортшыларға жеңіс тілеп жігерлендіреді.

– Атақты адамдар, айтулы билер сөзін мақал-мәтел, батамен бастаған. Бата жақсылыққа дейді, ол тілек ігі ниетті жанның көкірегінде көктеп өсініп, сол батаға сай ел-жұртының аманатын орындайтын ардақтысына айналады, – дейді батағой қария.

Үлкеннің ақылын, дананың дұғасын, көптің тілегін алып, көктеп көгерген халықпыз. Сұхбат соңында қолтасар сөтте абыз ардагерден бата сұрап, қол жайдық.

– Сөзін аталы. Атың жоталы болсын. Биен қулынды. Түйең боталы болсын. Қойын елзден. Ешкің сегізден тапсын. Келін аяғымен. Қойшы таяғымен тапсын. Ісің жүйелі, Басың киелі болсын. Қызың қияға, Ұлың уяға қосын. Жегенің тәтті, Сапарың сәтті Басыңа бақ, дәулет қонып, Баянды болсын. Әмин! – деп қария батасын берді.

Серік БЕРТАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Білгенге маржан



МИДЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTY ҚАҮІПТІ АУРУЛАРДАН САҚТАЙДЫ

Ми жұмысының жақсаруы инсульт пен инфаркт алудан сақтайды. Әсіресе ми тамырларын тазалау арқылы осындай адам өміріне аса қауіпті аурулардың алдын ала аламыз. Барлық аурудың алдын алуда және ағзалардың ауруға шапдығу мүмкіндігін төмендетуге ғалымдардың да жұмысының маңызы зор. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейтін» адам осы ғалымдардың зерттеулеріне назар салып жүретіні анық.

Мәселен, адамның басындағы ми тамырлары шлаққа толған болса, онда үнемі бас айналу, есте сақтау қабілетінің нашарлауы, бас ауруы, ұйқысыздыққа тап болу, ашулан-шақтық, қан қысымының көтерілуі, есту, көру қабілетінің төмендеуі сияқты белгілер мазалай бастайды. Егер осы белгілерді байқасаңыз, дереу ми тамырларын тазалауды бастаңыз. Тазалану арқылы көптеген дерттің алдын аласыз. Ми тамырларын тазалауды әдетіңізге айналдырсаңыз, онда басыңыз, ойлау жүйеңіз, жүйкеңіз, миыңыз тамаша жұмыс істеп, барлық ауыртпалықтан айығады.

Жалпы ғаламторда ми тамырларын тазалаудың бірнеше әдісі кеңінен тарқатылыпты. Бірінші әдісін бал мен жаңғақты пайдалану арқылы жасауға болады. 5 дана грек жаңғағын жақсылап ұнтақтайсыз. Үгіндіге 1 ас қасық табиғи жөке балы мен шым-шым даршын араластырып, тоңазытқышқа салып қоясыз. Шамамен 24 сағаттан соң дайын болған емдік қоспаны 1 ас қасықтан жейсіз. Емді тамақтанудан 30 минут бұрын жүргізу керек екен. Екінші әдісте де балды пайдаланады. Бірақ бұл жолы жаңғақтың орнына пияз қажет болады. Ол үшін 1/3 стакан пияз шырынына 1 стакан табиғи таза бал араластыру керек. Бұл емдік қоспаны 1 шай қасықтан күніне 3 рет қабылдайды. Емді тамақтанудан жарты сағат бұрын жүргізу керек. Аталған тұнба ми тамырларын тазалап қана қоймайды, сонымен қатар иммунитетті көтереді. Үшінші әдісінде түсі және көшкі тамақтан 30 минут бұрын жарты стакан анар шырынын ішуге болады. Ем үшін анар, алма және сәбіз шырындары керек. Күн сайын осы тұнбаны кезек-тестіріп күніне 2 рет ішіп жүрген дұрыс. Негізі бұл тұнбаны өркім жі жағдайында өзі дайындап алғанын тиімді көреді зерттеушілер. Өйткені дүкенде сатылатын өнімінің құрамында басқа да қоспалар кездесуі мүмкін. Ал бұл өз көзегінде сіздің денсаулығыңызға, әсіресе ағзаныздың басқа бөлігіне кері әсерін беруі ықтимал.

Сонымен бірге ми тазалауда мына әдісті де қолдануға болады. Бұл әдісте 10 грамм кептірілген түймежапырақ тамырын термосқа салып, оның үстіне 200 грамм қайнаған су құйып, шамамен 8-10 сағаттай қойып аласыз. Дайын болған тұнбаны сүзіп алып, салқын жерге қойыңыз. Емдік қасиеті мол тұнбаны 4 ас қасықтан таңғы астың алдында ішесіз. Бұл емді бір айға дейін жүргізуге болады екен.

Ал соңғы әдісте пайдалы азықтар қолданылады. Ол үшін таңғы астан 30 минут бұрын мына азықтарды жегуге әдеттеніңіз. Олардың қатарында 1 дана мандарін, 1 уыс мейіз бен грек жаңғағы және 1 стакан су. Суды мандарин мен жаңғақты жеп болған соң шамамен 15-20 минуттан кейін ішу керек. Егер суға 1 шай қасық бал мен 1 тілім лимон араластырып ішенсіз, онда емдік қасиеті еселеп артады. Нәтижесінде ағза мен терінің саулығы артып, жалпы жағдай жақсарады. Иммуитет нығайып, жүйке тынығып, ми жасарады. Бір сөзбен айтқанда, ұйқыға кетіп жатқан миды сергек қалпында ұстап тұруға көмектеседі. Денсаулық басты байлық демекші, өркім өз азғасының сау болуына жауапты. Тек салғырттықты серік етпей, қажет кезінде керекті дәрумендерді қабылдап жүрген жөн. Сонда ауру сізді айналып өтпек.

Дайындаған Сөзім НҰР

Талап

Жемқорлықпен күресу – ортақ міндет



Фото: ашық дереккөз

Сыбайлас жемқорлық – кез келген елдің дамуына, қоғамдағы әділеттілік пен теңдікке үлкен қауіп төндіретін әлеуметтік кесел. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін төмендетіп, халықтың билікке деген сенімін әлсіретеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басты жолы – ашықтық, заң үстемдігі, және қоғамдық бақылау. Мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың құқықтық сауаттылығы жоғары болса, жемқорлыққа жол берілмейді. Әр азамат пара бермеуге және алмауға жауапты екенін сезінуі керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте тек жазалау емес, алдын алу, тәрбие, және жүйелі бақылау маңызды рөл атқарады. Бұл үшін білім беру мекемелерінде адалдыққа тәрбиелеу, электронды үкімет қызметтерін кеңейту, қоғамдық ұйымдардың белсенділігін арттыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет әр азаматтың адалдығынан басталады.

Қаракеткен ауылдық округі әкімінің аппараты КММ

Айтпайын десең...

Арсыз әзіл мен арзан күлкінің арбауында қалмадық па?

Әлемдік аренада қазақ елінің оң имиджін қалыптастыруда мемлекет қыруар қаржыға форумдар, саммиттер, спорттық сайыстар өткізуде. Ал Димаш Құдайберген, Геннаді Головкин сияқты азаматтар Қазақстанды әлемге жақсы жағынан танытуға еңбек етіп жатқанда, қасықтап жиған абыройды болмайтын бір «пранкпен» шелектеп төге салу орынсыз деп ойлаймын.

Әлеуметтік желіде қытайлықтар алдында масқара болдық. Қазақстандық блогер Аружан Айбекованың Қытайдың Гуанчжоу қаласында және басқа да аймақтарында түсірген бірқатар «пранк» видеосы жергілікті жерде сыңа ұшырауда. Тіпті «Қазақ елінің қыздары тәрбиесіз бе, әлде тәрбие беретін отбасы жоқ па?» деген намысқа тиетін сөздер Қытай әлеуметтік желі пайдаланушылары тарапынан айтылуда. Кейбір қазақстандықтар Аружанның тірлігіне ұялып, көшірім сұрауда.

Нақтырақ тоқталсақ, «Сяосян Ченбао» басшылығының хабарлауынша, Аружан және оның командасы Гуанчжоудың көшелерінде көңіл көтеру мақсатында видео түсірген. Ол Қытай азаматының қалтасынан ұялы телефонды білдірмей алған болып, кездейсоқ өтіп бара жатқан адамға ұстата қояды да, жалма-жан ұрлықты өшкере-релейді. Тағы бір бейнероликтерінде Қытай ерлерінің реакциясын тексеріп көрген. Метрода немесе көшеде бейтаныс жігіттердің аяғынан, қолынан әдейі ұстайды. Видеолардан ер адамдардың көбі оның әрекетін теріс қабылдап, пранкер қыздан өздерін аулақ ұстайды.

Иә, бұл пранктар Қытайдың интернет кеңістігінде қызу талқылануда. Weibo платформасында «1024 комиссары» деген лақап атпен танымал блогер «Біз қоғамдық орындардағы пранктарға қарсы емеспіз, бірақ мұндай әрекеттердің шегі болуы керек, арсыз болмауы тиіс. Қазақ блогерінің бұл әрекеті адамдарды өздерін ыңғайсыз сезінуге мәжбүр етеді» деп пікір білдірген.

Ал «Сяосян Ченбао» басшылығы өз мақаласында «Қытайдың дәстүрлі ұстанымы адамдарға жақсылықпен қарым-қатынас жасауды үйретеді. Қытай халқы әрбір достық ниетпен келген шетелдікті жылы қабылдайды. Алайда қытайлықтардың ізгі ниеті ешкімнің ойын-сауығына материал болмауы тиіс



әрі назар аудару үшін тақырып жасау құралы емес. Ешбір қарапайым адамның қадір-қасиеті пранктың құрбаны болмауы керек» деп жазады.

Әрине, мұндай видео түсіруді адамдардың құқығын бұзу деп қабылдағандар көп. Олар мәселені полицияға жеткізуге шақырған. Дегенмен Қытай полициясының араласқаны туралы нақты ақпарат жоқ.

Бір қызығы, Аружан мұндай әрекеттерді Алматы метросында да іске асырған. Алайда алматылықтар бұл пранкты оң көңіл күйде қабылдап, тіпті көңіл күйді көтергені үшін рахмет айтқан.

Иә, әр елдің өз құндылықтары, мәдениеті, заңы бар. Сондықтан қазақ қызы елдегідей Қытайда да бұл пранктың керемет өтетініне сәнсе керек. Ата-бабаларымыз «ойыннан от шығады» деп бекер айтпаған, Аружанның бұл әрекеті тұтас елдің абыройына нұқсан келтіргендей болды. Ерке қызымыз әлеуметтік желідегі пранк видеоларын өшіріп, шектеулі уақыттық жарияланымда жұрттан бұл видеоларды таратпауды сұрап, «елге қайтқан соң түсіндіреміз» депті.

Шығыстағы көршіміздің заңы не дейді? Қытайдың «Азаматтық кодексінің» 1018-1020 баптарына сәйкес, кездейсоқ адамдарды рұқсатсыз түсіріп, бейнесін тарату олардың құқығы мен абыройына нұқсан келтіруі мүмкін, бұл азаматтық жауапкершілікке егелуі ықтимал. «Киберқауіпсіздік туралы» заңы және «Интернеттегі аудиовизуалды бағдарламаларды тексеру ережелері» жалған, жала жабу немесе арсыз мазмұнды контент таратуға тыйым салады. Бұл әрекеттер қоғам-

дық тәртіпті бұзу деп танылып, видеолар алынып тасталуы немесе аккаунт бұғатталуы мүмкін. «Қоғамдық қауіпсіздікті басқару туралы» заң жала жабу немесе қоғамдық тәртіпті бұзу үшін айыппұл немесе қамауға алуды көздейді, ал ауыр жағдайларда жала жабу қылмысы бойынша қылмыстық жауапкершілік қаралған. Сонымен қатар «Шекарадан өту және кіру туралы» заң билікке қоғамдық тәртіпті бұзған шетелдіктерді елден шығару немесе кіруге тыйым салу құқығын береді.

Жалпы Қытайда орынсыз әрекеттер жасаған блогерлерге қатаң жаза қолданылған мысалдар да бар. Мәселен, өткен маусым айында екі қытайлық блогер «хайп» үшін науқас адамдардың киімін киіп алып, метрода қатты айғайлап, сөкіріп, жолаушылардың үрейін тудырған. Қытай полициясы олардың әрекетін «қоғамдық көліктегі тәртіпті бұзу және теріс әлеуметтік әсер туғызу» деп бағалап, әкімшілік жаза қолданған.

Әрбір азамат шетелге сапарға шыққанда, сол елдің мәдениеті, заңы, ұстанымы туралы ізденіп, өз әрекетіне жауап бергені дұрыс-ақ. Аружанның бұл әрекеті бізге де үлкен сабақ болуы керек.

Жасыратыны жоқ, TikTok әлеуметтік желісі қазақ қоғамына бөле болып жабысты. Соңғы екі жылда бұл желіге 14,1 млн қазақстандық тіркеліпті. Бесіктегі баладан еңкейген қартымызға дейін соның ішінде. Тіпті шайтан секілді халықтың мінез-құлқына теріс әсер етуде. Адамдар соның салдарынан жеңілте, жауапкершілігі төмен, өз іс-әрекетіне жауап бере алмайтындай күйге түсуде.

Былтыр осы мәселе аясында сенатор Нұрғәлі Жүсіп ағамыз «бұрын балаларды «тәк-тәкпен» тәрбиелейтін едік, қазір TikTok-пен тәрбиелеп жатырмыз» деп мінбеден сынаған болатын. Бірақ сыннан нәтиже көре қоймадық.

Иә, қазір ақпараттық технологиялардың дамыған заманы. Әлеуметтік желілер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Пайдалы жағы да жоқ емес. Сол арқылы отбасын асырап отырғандар да бар. Бірақ қандай жолмен? Ұлттық тәрбие мен дәстүр-салтымызды талқандап, ақыл тоқтатпаған, жақсы мен жаманды әлі толық ажыратып үлгермеген балалар мен жасөспірімдерді меңдуана жегендей меңіреу әлемге бастап бара жатқандай.

Аружанның іс-әрекетін басқа отандасымыз қайталамасын десек, TikTok-қа шектеу қою немесе ондағы контентке бақылауды күшейтуді қолға алу керек. Мәселен, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдері TikTok желісіне ішін-ара немесе толық шектеу қойды. Ал Франция үкіметі жасөспірімдердің интернетке қолжетімділігін заңнамалық деңгейде реттеді. Австралия 16 жасқа дейінгі балаларға қолдануды заңмен шектеді. Еуропалық Одақ, Канада, Ұлыбритания, Жаңа Зеландияда балалар қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылыққа байланысты 2023 жылы шешім қабылдап үлгерген. Бір қызығы, TikTok-тың егесі саналатын Қытайдың өзінде бұл платформа қолжетімді емес.

Иә, біздікі өзіміздің қателікті айтып, кемісін емес, қайта көзіқарақты оқырманға ой салу.

Жандос ЖАЗКЕН

Футбол



«Қайсар» қайсарлық танытты

Сыр елінің «Қайсар» футбол клубы ел чемпионатында тек қазақстандық аяқдошылармен өнер көрсететінін естігенде жанкүйерлер біраз күмәнмен қарады. Тәжірибесі мол шетелдік спортшылар кетсе, «Қайсар» доп тебуді ұмытпай ма?» деген сыни пікірлер де болды.

«Сыр өңірі қазақ футболына тыңнан түрен салып, қазақстандық футболшыларға сенім артып отыр. Қуантатыны, құрамның басым бөлігі – жергілікті жас аяқдошылар. Быыл «Қайсарға» жүлдеге талас жүргізу қиынға соғатыны белгілі. Бірақ абырой мен ар-намыс таразыға түсетін додада қарақөздеріміз жасыл алаңда аянып қалмас» деген кейбір жанкүйерлерден позитивті ой-саптау да болды. Ал «Қайсар» ФК капитаны Думан Нәзірлідаев «Жігіттер маусымдағы әр ойынға тыңғылықты дайындалады. Жақсы дайындықпен келдік. Биыл үздік нәтиже көрсетеміз» деп сендірді.

Иә, сырбойылық команда Премьер-лигада легионерлерден бас тартқан жалғыз клуб атанды. 19 шілде күні Ел Премьер-лигасының 17-тур аясында Алматыда ел чемпионы «Қайрат» пен жерлестеріміз «Қайсар» командасы кездесті. Әрине, ойын алдында жергілікті жанкүйерлер алматылық командадан жеңілетініне сенімді болды. Тіпті Қайсарға ешқандай үміт артпады.

Жасыратыны жоқ, бірінші минуттан бастап алматылықтар ойын тізгінін қолға алды. Рафазель Уразбахтин шәкірттері жоғары қысым көрсетіп, допты толық бақылауда ұстады. Бұл басымдық 21-минутта өз жемісін берді. «Қайраттық» шабуылшы Рамазан Бағдат «Қайсар» қақпасынан саңылау тауып, есеп ашты. Осылайша бірінші кезең алматылықтардың басымдығымен аяқталды. Алайда екінші таймның басында ойын барысы күрт өзгерді. Яғни 51-минутта алғашқы таймда көзге түскен Бағдат өз айып алаңында қарсыласының бетінен қолмен ұрып, өрескел өреже бұзды. Төреші еш ойланбастан тікелей «қызыл қағаз» көрсетіп, он бір метрлік айып добын белгіледі. Соққыны Марлен Айманов сәтті орындап, таразы басын теңестірді.

Есеп – 1:1. Осы сәттен кейін «Қайсар» бастама көтеріп, шабуылға көшті. Алайда екі команда да жеңіс добын соға алмады. Жанкүйерлер асыға күткен ойын нәтижелі тең аяқталды.

Жанкүйерлердің қуанышында шек жоқ. Үміт артпаған спортшыларымыз чемпионмен тең ойнады. Бір қуантарлығы, ешқандай легионерсіз-ақ есе жібермеді. Осылайша «Қайсар» командасы жалпы есепте он бірінші орынға тұрақтады. Жаман нәтиже емес. Сондықтан жерлестеріміздің ойына жанкүйер болып үміт артқан жөн-ақ.

Айта кетейік, КСРО чемпионатына аймақ командасы ең алғаш 1968 жылы қатысты. Ол кезде команда «Қызыл-Орда» деп аталатын. Кейін атауын «Волна» деп өзгертсе, көп ұзамай «Автомобилист» атанды. Кейін қызылордалық команда КСРО чемпионаттарында «Орбита», «Мелиоратор» және «Кайсар» деген атаулармен өнер көрсетті.

Клуб КСРО чемпионаттарында әр жылдары әрқелкі нәтиже көрсетті. Ал 1991 жылы КСРО біріншіліктеріндегі ең жоғары жетістігіне қол жеткізіп, Виктор Веретновтың жаттықтыруымен команда өз аймағында үздік төрттіктен көрінді. Кеңестік чемпионаттарда Сыр өңірінің командасы барлығы 858 ойын өткізіпті. Оның 304-ін жеңіспен аяқтаса, 184-інде тең түсіп, 370 кездесуде жеңіліп қалған. Доп айырмашылығы – 1013:1126.

Ал тәуелсіздік жылдары ел чемпионатында «Қайсар» барлығы 22 маусым өткізді. Оның 17 маусымында командамыз ел біріншілігінің ең жоғары дивизионында өнер көрсеткен. 1998-1999 жылғы футбол маусымында ел кубогын жеңіп алса, 2008 жылы Қазақстан Премьер-лигасында 4 орынды иемденген. Қазақстан кубогында 55 ойынның 16-сын жеңіспен аяқтаған. Азия елдері кубогында 1999-2000 жылдары 1/8 финалға өткен. Ал 2019 жылы Қазақстан кубогын иеленді де, тұңғыш рет УЕФА Еуропа Лигасына жолдама алды.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Өңір келбеті

Туған жерге түлектер тартуы

Елімізде жыл сайын оқу жылы аяқталғанда мектеп бітіргеніне 10, 20 жыл толған түлектер алтын ұя мектебіне немесе туған жеріне сый-құрмет жасап, тағзым етуді дәстүрге айналдырды. Мәселен, биыл Мәдениет ауылындағы алтын ұяны бітіргеніне 20 жыл болған түлектер туған жеріне ерекше тарту жасап, ауыл ақсақалдарының батасын алды.

Ауылдың 1988 жылы туған азаматтары осыдан 20 жыл бұрын І.Қабылов атындағы орта мектепте білім алған. Бүгінде олар сан-салада елге ерөн еңбек етіп келеді. Қай жерде жүрсе де кіндік қаны тамған жерін ұмытпай, перзенттік парызын орындауға асыққан ауыл азаматтары жақында ауылдағы алтын ұяны бітіргеніне 20 жыл толуына орай 5 млн теңгеге ауылдың кіреберісіне арқа мен 10 дана көше жарығы шамдарын орналастырып, ашылу салтанатын өткізді.

Салтанатты жиынға ауыл әкімі Төлеген Қорғанбек пен ауыл ардагерлері, түлектердің сынып жетекшілері арнайы қатысты.

– Ел үшін жасап жатқан игі істеріңізге ауыл тұрғындары атынан үлкен алғысымды білдіремін. Өздеріңізден кейін есіп келе жатқан жас буынға өнеге көрсетіп жүрісіздер. Ауызбіршіліктеріңіз бен достықтарыңыз өрқашан берік болсын. Жасап жатқан жұмыстарыңызға абырой мен сәттілік тілеймін, – деді ауыл әкімі.

Мұнан кейін ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Рахметұлы арқаның лента

қию рәсімін жасап, батасын берді. Ал түлектердің бастауыш сынып жетекшілері Светлана Құдайбергенова мен Мейрамкүл Сүлейменова олардың балалық шағына саяхат жасап, қызықты естеліктерден сыр шертті. Түлектердің бала күнінен досқа адал білімді, ауызбіршіліктері жоғары сынып болып өскенін тілге тиек етіп, олардың ауылға жасаған тартуына ризашылығын білдірді.

– Иә, биыл алтын ұяға балалықты тастап, үлкен өмірге қанат қаққанымызға 20 жыл толды. Барлығымыз бір-бір үйдің отағасы мен отанасы атанып, ұл-қыз тәрбиелеп отырмыз. Қанша жасқа келсек те балалық шағымыздың куәсі болған алтын ұямыз қашанда ыстық болып тұрады. Біраздан бері сыныптастарымызбен «Мектепке немесе ауылға қандай тарту жасаймыз?» деп ойландық. Ақылдаса келе ауылға арқа орнатуға бел буып, дереу іске кірістік, – дейді мектептің 20 жылдық түлегі Нұрлан Қостанбаев.

Сондай-ақ «Атапат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұста-



фаева ауылға арнайы келіп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен рухани-мәдени өміріне айтарлықтай үлес қосқан азаматтарға «Атапат» партиясы облыстық филиалының төрағасы А.Есмахановтың алғыс хатын тапсырып, бірнеше тарихи-танымдық кітап сыйлады. Шара соңында түлек-

тер ауылдық мешітте өмірден өткен ұстаздары мен құрдастарына құран бағыштады.

«Туған жерге туынды тік» демекші, өсіп-өнген аядай ғана ауылна аз да болса үлес қосу – әр азаматтың перзенттік парызы.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2681 Тапсырыс №1213

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН